





Комсомол турмысы

Дала қостары мен трактор бригадаларындағы комсомол топтары

Бұл күндері бүкіл еліміздегі сыяқты, облысымыздың комсомол-жастары да СОИП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы алға қойған міндеттері өброймен жүзеге асыру жолында еселенген қарқынмен еңбек етуде.

Партия алға қойған —елімізде астық молшылығын жасау, сөйтіп, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету — міндеттерін жүзеге асыруда комсомолдың негізгі буыны болып табылатын — бастауыш комсомол ұйымдары, сондай-ақ, дала қостары мен трактор бригадаларындағы комсомол топтары үлкен роль атқарады.

Октябрь ауданындағы «Степной совхозының» № 5 трактор бригадасындағы комсомол тобы бригаданың мүшелері арасында бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен өрістетіп, озат механизаторлардың бағалы бастамаларын дерезінде қолдап, оны көпшілік игілігіне айналдырып отыруға тиіс.

Облысымыздың колхоз, совхоздарында және МТС-терінде көктемгі егіс күндерінде ұйымдастырылған бірқатар комсомол топтары осы міндеттерді жете түсініп, комсомол-жастардың алдына қойылған бүгінгі күннің талаптары дәрежесінде жұмыс істеп келеді.

Образцовая МТС-нің қамтуындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жұмыс істейтін № 20 комсомол-жастар бригадасының комсомол тобы өзі ұйымдастырып көпінші алғашқы күндерден бастап-ақ, комсомолдық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарын үлгілі жүргізіп келеді.

Мұнда социалистік міндеттемелердің орындалуына, механизаторлар арасындағы жарысқа уақытылы қорытынды жасалып, олар бригаданың өндірістік жыйналыстарында талқыланады.

сын мақалаға уақытылы құлақ асып, оны бригада комсомолдарының жыйналысында талқылайды.

Бригадада комсомолдық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарының айтарлықтай жүргізілуі шаруашылық жұмыстарын ілгері бастыруға да үлкен әсер етуде.

Октябрь ауданындағы «Степной совхозының» № 5 трактор бригадасындағы комсомол тобы бригаданың мүшелері арасында бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен өрістетіп, озат механизаторлардың бағалы бастамаларын дерезінде қолдап, оны көпшілік игілігіне айналдырып отыруға тиіс.

Шөп шабу науқаны күндерінде облысымыздың колхоз, совхоздарында және МТС-терінде 200-ден астам комсомол-жастар агрегаттары ұйымдастырылды.

Ленин ауданының «Новый путь» колхозында жұмыс істейтін Трушников жолдастық комсомол-жастар агрегаты 1300 гектар пішен шабуға міндеттенген бола-са, оны мерзімінен бұрын асыра орындап шықты.

Комсомол тобының үлгілі жұмыс істеуі оған бастауыш комсомол ұйымдарының басшылығына тікелей байланысты.

Мұнда комсомол Силько жолдастық комсомол тобының жетекшісі болып істейді. Ол бригададағы еңбек ұйымдастыру тәртібінің жақсаруына, бұқаралық-саяси жұмысты өрстетуге тіпті көңіл бөлмейді.

Сол сыяқты, Калинин МТС-нің қамтуындағы трактор бригадаларындағы комсомол топтарының жұмысы да айтарлықтай емес.

Бригададағы комсомол топтарына ҚЛЖО аудандық комитеттерінің басшылығы да айтарлықтай емес.

Кәзір облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері егін жыйнау, Отан алдындағы бірінші парыз —астық тасыру жұмыстарына кірісе бастады.

Облыс комсомол ұйымдары өз жұмысындағы кемшіліктерді іс үстінде жойып, ауыл шаруашылығы жұмысының ең жауапты кезеңі —егін жыйнау маусымы күндерінде де комсомол-жастарды июнь Пленумының қаулысы алға қойған міндеттерді орындау күресіне жұмысшылар береді.

Булаев ауданында

Жеңіл «Москвич» машиналарын сатып алды

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің туысқандық қамқорлығы арқасында аудан еңбекшілерінің әлауқаты мен мәдени-тұрмысы күн санап жақсарып келеді.

Жүннен мол кіріс

Аудан колхоздары қоғамдық мата басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда.

Механизаторлардың жыйналысы


Жақында аудан механизаторларының жыйналысы болып өтті.

Жыйналысқа қатысушылар Ставрополь өлкесі, Петров МТС-і комбайншыларының еліміздің барлық комбайншыларына жазған үндеуін қолдап, оған жауап ретінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

Электр станциясы

Ұзынкөл совхозының № 1 және № 3 бөлімшелерінде жаңадан электр станциялары салынып жатыр.

Авансқа 53600 сом ақша берілді



Соколов ауданындағы Киров атындағы колхозда онжылдық мектеп құрылысы аяқталып келеді. Суретте: мектептің құрылысы.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Құрылыс қарқынын жеделдету керек

Соңғы уақытта біздің қаламызда үлкен құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

үздіксіз жүргізу ұйымдастырылмағандықтан мамандар кейбір көмекші жұмыстарға пайдаланылуда.

Алайда, құрылыс-монтаж мекемесі жыл сайын мемлекет алдында үлкен борышқа қала беріп келеді.

Құрылысшы жұмысшылар социалистік жарысқа жанап ұштастырылмаған және социалистік жарыс қағаз жүзінде жасалған.

Құрылысшылардың арасында саяси-тәрбие жұмысының бетімен жіберілгендігінің салдарынан, құрылыс жұмысы жөніндегі тапсырыстарды жекелеген құрылысшылардың орындауын инженер-техник қызметкерлердің бақыламайтындығының салдарынан жұмысшылар арасында еңбек тәртібі төмен күйінде қалып келеді.

Мұнда техниканың күшін толық пайдалануға мекеменің бас инженері Давыдов, құрылыс бөлімінің бастығы Махмудис жолдастар жеткілікті көңіл бөлмей келеді.

Бұл сұраққа жауапты құрылыс мекемесінің партия, кәсіподақ ұйымдарының құрылысшылар арасындағы саяси-тәрбие жұмысының дәрежесі төмен.









